

ЖАҢА СТУДЕНТТЕР ҮЙІ –

елдегі ең үлкен жатақханалардың бірі

**М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан
университетіндегі ашылған
жаңа жатақхана –
студенттердің білім
алуына қолайлы жағдай
жасауга бағытталған
маңызды қадамдардың бірі.
Бұл жатақхана
университеттің білім беру
жүйесін дамыту және
студенттерге заманауи
өмір сүру жағдайларын
қамтамасыз ету
мақсатында қолға алынған.**

Бұгінде еліміз бойынша ең үлкен жатақхананың бірі саналатын студенттер үйінің құрылышы 2022 жылы басталған болатын. 1200 орынға шақталған нысаннның жалпы ауданы 27 мың шаршы метрді құрайды. Заманауи жабдықталған, қауіпсіз әрі жайлы жатақханада студенттерге білім алу мен демалу үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Жатақхана ішіндегі тренажер залдары студенттердің физикалық белсенділігін арттыруға және денсаулықтарын жақсартуға мүмкіндік берері анық.

– Менің басқа да университеттерге түсетін мүмкіндігім болды. Бірақ мен осы оқу орнындағы қосдипломдық бағдарламаны таңдадым. Себебі бұл жерде білім деңгейі өте жоғары. Қазір биотехнолог мамандығында 1 курста оқымын. Таңдауыма өкінбеймін. Отбасым мен достағым қасымда. Алдағы уақытта шетелдің оқу орнындарымен тәжірибе алмасуға да мүмкіндігім бар, – дейді Айгул Омарова есімді студент.

Жалпы жоғары оқу орнында қазіргі таңда 1365 орынға шақталған 4



жатақхана бар. Жаңа жатақхана ашылғаннан кейін, қосымша 1200 жаңа орын пайда болды. Бұгіндері университет әкімшілігі барлық құжаттарды реттеп, студенттерді жатақханаға орналастыруға кіріспін кеткен.

– Қосымша орындар пайда болып, куанып жатырмыз. Қазіргі таңда барлық құжаттарды реттеп, студенттерді жатақханаға орналастыру процесі белсенді жүргізілуде. Алдағы уақытта есік жатақханаларды жаңарту жоспарда бар. Жаңа жатақхананың ашылуы есік жатақханаларды заманауи стандарттарға сәйкес жаңартуға мүмкіндік береді. Бұл студенттердің тұру жағдайларын жақсартып, оқу процесіне оң ықпал етеді, – деді университет медиаорталығының бас редакторы Диана Халимова.

Қазіргі таңда университетте 6 мыңға жуық студент білім алып жатыр. Алдағы 3 жылдың ішінде студенттер санын 9 мыңға дейін көбейту жоспарланған.

Ләзиза МЫРЗАНТАЙҚЫЗЫ.

